

KZ

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

TECNIS Synergy Toric II OptiBlue торикалық интраокулярлы линзасы
TECNIS Simplicity жеткізу жүйесімен, модельдері DFW150, DFW225, DFW300,
DFW375

Бұйымның сипаттамасы

TECNIS Synergy Toric II OptiBlue интраокулярлық линзасы (ИОЛ) және TECNIS Simplicity жеткізу жүйесі DFW моделі — көздің артқы камерасына имплантациялауға арналған, ультракүлгін (УК) және күлгін спектрдегі сәулеленуді сүзетін, жиналмалы акрилді бір компонентті линза болып табылады, аталған ИОЛ алыс, орта және жақын қашықтықтарда жоғары сапалы көру өрісін үздіксіз қамтамасыз етуге және көзілдірікке тәуелділікті азайтуға арналған. Линзаның оптикалық бөлігінің беттері екі жағы дөңес пішінге ие. Оптикалық бөлігі ультракүлгін сәулеленуді сіңіретін қосымша материал UVAM және күлгін сәулеленуді сүзетін өндіруші компанияның патенттелген хромофоры бар жұмсақ акрил материалынан жасалған, бұл күлгін спектрдегі толқын ұзындығындағы жарықтың өтуін азайтады. Сонымен қатар, бұл торикалық ИОЛ мөлдірқабықтың сфералық абберрациясы мен мөлдірқабық астигматизмін түзетуге арналған.

Линза көз бұршағының капсуласына имплантацияланады, онда ол табиғи көз бұршағының оптикалық қызметін атқарады. Линзаның оптикалық бөлігі өндіруші компанияның патенттелген торикалық асфералық алдыңғы бетіне ие, ол толқындық фронт технологиясын қолдану арқылы әзірленген. Линзаның оптикалық бөлігінің артқы жиегі төртбұрышты және эпителий жасушалары үшін 360 градустық бөгет жасайды. Оптикалық бөліктің жиегі шеткі аймақтағы ореол әсерін азайту үшін күңгірттелген.

Сонымен қатар, гаптикалық элементтер де төртбұрышты пішінде және күңгірттелген. Алдыңғы оптикалық бөлік мөлдірқабықтың сфералық абберрациясы мен мөлдірқабық астигматизмін өтейді; цилиндр осінің белгілері алдыңғы бетінде орналасқан және ең төменгі оптикалық күш меридианын көрсетеді. Линзаның оптикалық бөлігі өндіруші компанияның патенттелген артқы дифракциялық бетіне ие, ол хроматикалық абберрацияны азайтуға, контрасттық сезімталдықты арттыруға және барлық қашықтықтарда жоғары сапалы көру өрісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған линзаның дифракциялық беті барлық қашықтықтарда көру жітілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуге және алыс қашықтықтан жақынға дейін үздіксіз көру өрісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл көзілдірікке тәуелділікті азайтады.

Бұл ретте көздің көру қашықтығына бейімделу қабілеті қалпына келтірілмейді.

TECNIS Simplicity жеткізу жүйесі линзаны көзге жанаспайтын әдіспен енгізуге мүмкіндік береді, бұл стерильдікті және бүкіл үдерісті бақылауды қамтамасыз етеді. Линза алдын ала жеткізу жүйесіне жүктелген және орнатылған. Бұл интраокулярлық линзаны ИОЛ көзге енгізуге дайындау үдерісін дәстүрлі құрылғымен салыстырғанда жылдамдатады. Жеткізу жүйесімен біріктірілген линзалар толық диоптриялық ауқымда (5,0 дптр — 34,0 дптр) шығарылады және шағын тілік арқылы жүзеге асырылатын хирургиялық әдістермен үйлесімді. Картридждің бетіне жабынды ретінде қолданылатын натрий гиалуронаты (гиалурон қышқылы) микробиологиялық ферментативтік синтез әдісімен өндіріледі.

ҚОЛДАНЫЛУЫ:

TECNIS Simplicity жеткізу жүйесі TECNIS Synergy Toric II OptiBlue интраокулярлық линзасын ИОЛ бүктеп, көзге енгізуге мүмкіндік береді. Бұл линза афакия және мөлдірқабық астигматизмі жағдайында, оның ішінде пресбиопиямен қатар жүретін жағдайларда, көру қабілетін түзету мақсатында алғаш рет имплантациялауға арналған және көз бұршағы факоэмульсификация әдісімен алынған ересек пациенттерге қолданылады. Сонымен қатар, бұл линза афакиямен жүрген, бұршақты рефракциялық алмастыру операциясынан кейінгі астигматизмі және пресбиопиясы бар ересек пациенттерге көрсетілген. Мұндай пациенттер түзетілмеген көру қабілетін жақсартқысы келеді, қалдық рефракциялық цилиндрді азайтуды, жақыннан көруді жақсартуды және әртүрлі қашықтықта көзілдірікке тәуелділікті төмендетуді қалайды. Интраокулярлық линзалардың конструкциясы имплантациядан кейін капсулярлық қапшықта ротациялық тұрақтылықты сақтау үшін бейімделген.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ:

1. Аталған құрылғы бір реттік қолдануға арналған. Линзаны және жеткізу жүйесін қайта стерилизациялауға болмайды. Көптеген стерилизаторлар жұмсақ акрил материалын және жеткізу жүйесінің материалын стерилизациялауға бейімделмеген және жағымсыз жанама әсерлерге әкелуі мүмкін.
2. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол берілмеңіз. Сақтау орнындағы ауа температурасы 5 °C- ден 35 °C-ге дейін (41 °F-тен 95 °F-ке дейін) аралығында болуы тиіс.
3. Жеткізу жүйесін автоклавтауға тыйым салынады.
4. Имплантацияға дайындық аяқталғанға дейін линзаны жеткізу жүйесінде ілгерілетуге болмайды.
5. Қаптамасы ашылмаған және зақымданбаған жағдайда ішіндегісі стерильді

болып саналады.

6. Линзаны имплантациялау кезінде ұсынылатын бөлме температурасы — кемінде 17 °C (63 °F).
7. Жеткізу жүйесін қолдану кезінде теңгерілген тұзды ерітінді (BSS) және/немесе вискоэластик қолданылуы тиіс. Офтальмологиялық вискохирургиялық бұйымды (OVD) қолдану кезінде онтайлы жұмыс істеу үшін HEALON вискоэластиктер желісін пайдалану ұсынылады. Қоспалар қосылған BSS ерітіндісін осы құрылғымен қолдану зерттелмеген.
8. Қаптамасынан шығарылғаннан кейін жеткізу жүйесінің кез келген компоненті түсіп кеткен немесе соғылған жағдайда оны қолдануға болмайды. Бұл жағдайда жеткізу жүйесінің және/немесе линзаның стерильділігі бұзылған болуы мүмкін.
9. Имплантацияланған линзасы бар пациенттерде авторефрактометрлер немесе толқындық фронт аберрометрлері (инфрақызыл жарықты қолданатын құрылғылар), сондай-ақ дуохромды тест арқылы рефракцияны өлшеу кезінде алынған нәтижелерге сақтықпен қарау қажет. Рефракцияның мәнін «максималды плюс» әдісімен манифестті рефракцияны анықтау арқылы растау қатаң ұсынылады.
10. Осы ИОЛ-дың оптикалық бөлігінің құрылымы көзді емдеу бойынша кейбір процедураларды (мысалы, тор қабықтың фотокоагуляциясы) жүргізу мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.
11. Жанаспалы линзаларды жуырда қолдану пациенттің рефракциясына әсер етуі мүмкін. Сондықтан жанаспалы линзаларды қолданатын пациенттерде ИОЛ-дың оптикалық күшін анықтамас бұрын хирург мөлдірқабықтың тұрақтылығын линзасыз күйінде бағалауы тиіс.
12. Бұл линза ең жоғары көру нәтижесін эмметропия жағдайында қамтамасыз ететіндіктен, хирург эмметропияға ұмтылуы тиіс.
13. Интраокулярлық линзаны дәл орталыққа орналастыру қажет.
14. Операция алдында хирург пациентке осы медициналық бұйымды қолданумен байланысты ықтимал қауіптер мен пайда туралы ақпарат беруге, сондай-ақ пациентке арнайы ақпараттық брошюраның көшірмесін ұсынуға тиіс.
15. 21 жастағы және одан кіші жастағы пациенттер арасында қауіпсіздігі мен тиімділігі клиникалық зерттеулерде анықталмаған.
16. Интраокулярлық линза имплантацияланған пациентті операциядан кейін ұзақ мерзімді бақылау мақсатында тұрақты қадағалап отыру қажет.
17. Линза имплантациясы бойынша операциядан кейін глаукомасы бар пациенттерде көз ішілік қысымның өзгерістерін мұқият бақылау қажет.
18. Линзаны бүктелген күйде 10 минуттан артық қалдыруға болмайды.
19. Жеткізу жүйесін дұрыс қолданбау кезінде линза қате енгізілуі мүмкін (яғни,

гаптикалық элементтер зақымдалуы мүмкін). Қолдану бойынша жинақ құрамындағы жеке нұсқаулықтарды қараңыз.

ЕСКЕРТУЛЕР:

Линзаны имплантациялау мүмкіндігін қарастырып жатқан дәрігерлер төменде көрсетілген жағдайлардың әрқайсысында әлеуетті қауіп пен пайда арасындағы арақатынасты бағалауы тиіс.

1. Төменде аталған жағдайлардың кез келгені кезінде интраокулярлық линзаны имплантациялау үшін пациент жарамсыз болуы мүмкін, өйткені линзаны имплантациялау бар ауруды күшейтуі, диагностиканы немесе емдеуді қиындатуы немесе көру қабілетіне негізсіз қауіп төндіруі мүмкін.
 - a. Этиологиясы белгісіз қайталанатын ауыр қабыну (алдыңғы немесе артқы сегменттің) немесе көзде қабыну реакциясын тудыратын кез келген аурулар.
 - b. Интраокулярлық линза көздің артқы сегментінің ауруларын бақылауға, диагностикалауға немесе емдеуге кедергі келтіруі мүмкін пациенттер.
 - c. Катарактаны алып тастау және/немесе интраокулярлы линзаны имплантациялау кезінде болатын хирургиялық қиындықтар, олар асқыну ықтималдығын арттыруы мүмкін (мысалы, тоқтамайтын қан кету, нұрлы қабыққа айтарлықтай зақым келтіру, бақыланбайтын оң қысым, шыны тәрізді дененің айтарлықтай пролапсы немесе түсуі).
 - d. Бұрын болған жарақат немесе даму аномалиясы салдарынан көз зақымданған жағдайда, ИОЛ-ды дұрыс ұстап тұру мүмкін болмаған кезде.
 - e. Имплантация кезінде эндотелийге зақым келтіру қаупі бар жағдайлар.
 - f. Микробтық инфекцияға күдік.
 - g. Артқы капсула мен байламдары ИОЛ-ды ұстап тұру үшін жеткіліксіз деңгейде зақымданған пациенттер.
 - h. Туа біткен екіжақты катаракта.
 - i. Анамнездегі тор қабықтың ажырауы немесе оған бейімділік.
 - j. Тек бір көзбен жақсы көру мүмкіндігі бар пациенттер.
 - k. Дәрілік терапия әдісімен бақыланбайтын глаукома.
 - l. Мөлдірқабықтың эндотелиальді дистрофиясы.
 - m. Пролиферативті диабеттік ретинопатия.
 - n. Интраокулярлық линзалар 2 жасқа дейінгі балаларда қолдануға арналмаған.
2. Линза толығымен капсулярлық қапшыққа орналастырылуы тиіс. Линзаны цилиарлық сайға орналастыруға болмайды.
3. Линза көру қажеттілігі мен артықшылықтары нақты анықталған және

жақсы ақпараттандырылған пациенттерге ғана имплантациялануы тиіс. Пациенттерге түнгі уақытта немесе нашар жарық жағдайында визуалды эффектiлердiң (мысалы, ореол немесе жарқыл) пайда болуы мүмкін екендігі туралы хабарлау қажет. Бұл визуалды эффектiлер кейбір пациенттерде жайсыздық тудыруы немесе кедергі ретінде қабылдануы мүмкін. Сирек жағдайларда мұндай эффектiлер соншалықты айқын болуы мүмкін, пациент ИОЛ-ды алып тастауды талап етуі ықтимал.

4. Операциядан кейінгі астигматизмі 1,0 диоптриядан жоғары деп болжанатын пациенттер үшін бұл линзалар тиімсіз болуы мүмкін, себебі олар көзілдіріктен толық бас тартуға мүмкіндік бермеуі ықтимал.

5. Линза кескін сапасына әсер етуі және монофокальді линзамен салыстырғанда контрастты сезімталдықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан пациенттер түнгі уақытта немесе нашар жарықта көлік құралын жүргізу кезінде абай болулары қажет.

6. Торикалық линзаның осьтен ауытқып бұрылуы астигматизмді түзету дәрежесінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. 30°-тан артық ауытқумен орналастыру операциядан кейінгі рефракциялық цилиндрдің ұлғаюына себеп болады. Қажет болған жағдайда линзаны капсулалану басталғанға дейін мүмкіндігінше ертерек қайта орналастыру ұсынылады.

7. Капсулярлық қапшықтан барлық вискоэластикті мұқият алып тастау қажет. Қалған вискоэластик линзаның бұрылуына ықпал етіп, торикалық линзаның таңдалған имплантация осінен ауытқуына алып келуі мүмкін.

8. Жеткізу жүйесін немесе оның кез келген компонентін бөлшектеуге, өзгертуге немесе модификациялауға болмайды, өйткені бұл олардың функционалдығына және/немесе құрылымдық тұтастығына теріс әсер етуі мүмкін.

9. Егер жеткізу жүйесінің картриджі имплантация алдында жарылып кеткен немесе жарылған болса, оны қолдануға болмайды.

10. Егер стерженьнің ұшы линзаны алға итере алмаса немесе линза жеткізу жүйесінде тұрып қалса, линзаны имплантациялауға болмайды.

11. Линзаны бастапқы ілгерілету кезінде плунжерді тез жылжыту қажет. Плунжердің қозғалысын тоқтатуға немесе кері бағытқа бұруға болмайды. Бұл талапты бұзу линзаның дұрыс емес бүктелуіне себеп болуы мүмкін.

12. Линзаны құрылғыда бастапқы ілгерілетіп, жарты айналыммен бұрғаннан кейін, плунжерді алға жылжыту линзаны имплантациялауға толық дайындық аяқталғанша тыйым салынады. Бұл талапты бұзу линзаның картриджде тұрып қалуына себеп болуы мүмкін.

13. Егер линза картридж ішінде 10 минуттан артық бүктелген күйде қалса, линза мен жеткізу жүйесін әрі қарай қолдануға болмайды және оларды жою қажет. Бұл талапты бұзу линзаның картриджде тұрып қалуына алып келуі мүмкін.

14. Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының бір реттік медициналық бұйымдарында құрылғыны, пациентті және қолданушыны

мүмкін болатын теріс әсерлерден қорғауға бағытталған қолдану және өңдеу нұсқаулықтары бар. Нұсқаулыққа сәйкес қолданған жағдайда, жеткізу жүйесі микробтық ластануға байланысты инфекция мен/немесе қабыну қаупін барынша азайтады.

15. Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының бір реттік медициналық бұйымдарын қайта пайдалану немесе қайта стерилизациялау/өңдеу бұйымның зақымдалуына, жұмысындағы бұзылуларға және пациенттің инфекциямен зақымдануына, қабынуға және/немесе жеткіліксіз стерильділікке байланысты басқа да асқынуларға әкелуі мүмкін.

ЖАҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫСТАР:

ИОЛ үшін ортақ жағымсыз құбылыстар

Төменде ИОЛ имплантациясымен катарактаны хирургиялық емдеу кезінде немесе одан кейін туындауы мүмкін ықтимал жағымсыз құбылыстардың толық емес тізімі келтірілген.

1. Эндофталмит / көз ішілік инфекция.
2. Гипопион.
3. Гифема.
4. ИОЛ-дың ығысуы.
5. Тұрақты кистозды макулалық ісіну.
6. Қарашық блогы.
7. Тор қабықтың ажырауы / жыртылуы.
8. Мөлдірқабықтың тұрақты стромальді ісінуі.
9. Тұрақты ирит.
10. Емдеуді қажет ететін тұрақты көзішілік қысымның (КК) жоғарылауы.
11. Қайта хирургиялық араласу (имплантатты қайта орналастыру немесе алып тастау, алдыңғы камераны дренаждау немесе басқа хирургиялық операцияны қоса алғанда).

Жағымсыз құбылыстар көру қабілетінің қайтымсыз нашарлауына әкелуі мүмкін және интраокулярлық линзаны ауыстыруды немесе алып тастауды қоса алғанда, қайталама хирургиялық араласуды қажет етуі ықтимал.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТОЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

TECNIS Simplicity жеткізу жүйесі (DFW моделі) құрамында TECNIS Synergy Toric II OptiBlue ИОЛ бар, ол көздің артқы камерасына арналған бір компонентті жиналмалы линза болып табылады, оның сыртқы диаметрі 13,0 мм және оптикалық бөлігінің диаметрі 6,0 мм. Оптикалық бөлік пен гаптикалық элементтер ультракүлгін сәулеленуді сіңіретін қосымша материалды UVAM және күлгін сәулеленуді сүзетін, компаниямен патенттелген хромофорды қамтитын жұмсақ гидрофобты акрил материалынан жасалған. Бұл күлгін спектрдегі толқын ұзындықтарына жарық өткізуді төмендетеді. Линзаның оптикалық бөлігі сфералық абберрацияны барынша нөлге дейін төмендетуге

мүмкіндік беретін толқындық фронт технологиясын пайдалану арқылы әзірленген және компаниямен патенттелген торикалық асфералық алдыңғы бетке, сондай-ақ көздің хроматикалық аберрациясын өтеуге және контрастты сезімталдықты арттыруға арналған компаниямен патенттелген дифракциялық артқы бетке ие. Компаниямен патенттелген дифракциялық артқы бет көру жітілігінің жоғары деңгейіне барлық арақашықтықтарда қол жеткізуге және жақыннан алысқа дейінгі қашықтық диапазонында үздіксіз көру өрісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл көзілдіріктерге тәуелділікті төмендетеді.

Сонымен қатар, линза мөлдірқабық астигматизмін өтейді. Бұл линзаның тиімділігі кез келген жарықтандыру жағдайында қарашықтың өлшеміне байланысты емес.

ЛИНЗАНЫҢ ОПТИКАЛЫҚ БӨЛІГІ

1. Материалы: UVAM ультракүлгін сәулеленуді сіңіретін қосымша материал және компаниямен патенттелген күлгін сәулеленуді сүзетін хромофор қосылған жұмсақ жиналмалы акрил материалы.
2. Сфералық эквивалент (СЭ): +5,0 диоптриядан +34,0 диоптрияға дейін, 0,5 диоптриялық қадаммен.
3. Цилиндрдің оптикалық күші: 1,50 диоптрия; 2,25 диоптрия; 3,00 диоптрия және 3,75 диоптрия (ИОЛ жазықтығында өлшенген).

Цилиндрлік оптикалық күшке арналған түрлендіру кестесі

	Оптикалық цилиндр күші (дптр)			
ИОЛ жазықтығы (белгіленген)	1,50	2,25	3,00	3,75
Мөлдірқабық жазықтығы *	1,03	1,54	2,06	2,57

Цилиндрдің оптикалық күшінің (дптр) мөлдірқабық жазықтығындағы тиісті мәндерін есептеу үшін орташа жалғанфакиялық көз негізге алынды.

4. Оптикалық бөліктің орталық қалыңдығы: 0,7 мм (+20,0 дптр).
5. Оптикалық бөліктің шеткі конструкциясы: артқы шаршы шеті PROTEC 360.
6. Сыну көрсеткіші: 1,47 - 35 °C температурада.
7. Жарық өткізгіштік: ультракүлгін сәулеленуді өткізу шекарасының қисық сызықтары $T = 10\%$ коэффициенті кезінде +5,0 диоптриялық линза үшін (ең аз қалыңдық), +20,0 диоптриялық линза үшін (орташа қалыңдық) және +34,0 диоптриялық линза үшін (ең үлкен қалыңдық) **1-суретте** көрсетілген.

ГАПТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР

1. Материалы: UVAM және компаниямен патенттелген күлгін сәулеленуді сүзетін хромофор қосылған жұмсақ жиналмалы акрил материалы.
2. Бір компонентті линза.

3. Конфигурациясы: TRI-FIX дизайны, C модификациясы, оптикалық бөліктің ажырамас бөлігі болып табылады.
4. Гаптикалық элементтің қалыңдығы: 0,46 мм.

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Сыртқы қаптаманы ашпас бұрын, заттаңбада көрсетілген модель нөмірін, оптикалық күшін, конфигурациясын және линзаның жарамдылық мерзімін тексеру үшін оны мұқият қарап шығыңыз.
2. Сыртқы қаптама ашылғаннан кейін TECNIS Simplicity жеткізу жүйесі бар TECNIS Synergy Toric II OptiBlue ИОЛ құрылғысының қаптамасын зақымдануға тексеріп, құрылғыдағы ақпарат сыртқы қаптамадағы заттаңбадағы ақпаратқа (модель нөмірі, оптикалық күші және серия нөмірі) сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
3. Пакетті ашып, жеткізу жүйесін астаушадан шығарыңыз. Астаушаны стерильді жағдайға орналастырыңыз. Қаптама зақымдалған немесе тығыздығы бұзылған болса, құрылғыны пайдалануға болмайды. Егер құрылғыда қандай да бір ақаулар болса, басқа жеткізу жүйесін пайдаланыңыз.
4. BSS немесе OVD ылғалдандыру әдістерін қолданған кезде канюляны пайдаланыңыз. Канюляны құрылғыны ылғалдандыруға арналған тесігіне енгізіп, картридждің ұшын ылғалдандыру тесігіне дейін толығымен толтырыңыз, бірақ контейнерді толтырмаңыз (2 және 3-суреттер). Аяқтағаннан кейін 5-қадамға өтіңіз.
5. Жеткізу жүйесін астаушадан абайлап алыңыз. Жеткізу жүйесін алған кезде оның ұшына тимеңіз, өйткені бұл зақымға әкелуі мүмкін. Зақымның жоқ екеніне көз жеткізу үшін ұшын тексеріңіз.
6. Плунжерді үздіксіз және тез қозғалыспен (мысалы, 1 секундтан аз уақыт ішінде) резбәға дейін алға жылжытыңыз (4-сурет). Плунжерді алға жылжыту үдерісін тоқтатуға немесе қозғалыс бағытын кері бұруға болмайды.
7. Линзаны бекіту орнына орнату үшін тұтқаны сағат тілімен жарты айналымға бұрыңыз (5-сурет). Имплантацияға дайындық аяқталғанға дейін плунжерді алға жылжытуға болмайды. Линзаны бұл күйде 0–10 минут ұстап тұрыңыз. Гаптикалық элементтердің жазылуын жеделдету үшін кемінде 3 минут күту ұсынылады. Егер линза OVD ішінде 10 минуттан артық уақыт болған болса, құрылғыны қолдануға болмайды.
8. Линзаны имплантациялауға кірісіңіз: жеткізу жүйесінің ұшын қиық шеті төмен қараған күйде тілікке енгізіңіз. Плунжердің тұтқасын сағат тілімен бұра отырып, линзаны баяу алға жылжытыңыз. Линзаны енгізу 1 минут

ішінде орындалуы керек. Линза жеткізу жүйесінің ұшынан толық босатылғанға дейін тұтқаны бұруды жалғастырыңыз.

9. Плунжерді тұтқасын сағат тіліне қарсы бұра отырып, баяу артқа тартыңыз.

10. Құрылғыны утилизациялаңыз. Жеткізу жүйесін қайта пайдалануға қатаң тыйым салынған.

11. Дәрігер келесі жайттарды ескеруі тиіс:

- Хирург эмметропияға ұмтылуы керек, өйткені бұл линза ең жақсы көру қабілетін дәл осы жағдайда қамтамасыз етеді.
- Интраокулярлық линзаның дәл орталықтандырылуын қамтамасыз ету қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

TECNIS Simplicity жеткізу жүйесін қаптама зақымдалған жағдайда пайдалануға болмайды. Линзаның стерильдігі бұзылған болуы мүмкін.

ЛИНЗАНЫҢ ОПТИКАЛЫҚ КҮШІН ЕСЕПТЕУ

Көздің көру қабілетін сәтті түзету үшін дәл кератометрия және биометрия өте маңызды. Артқы камераға имплантацияланатын интраокулярлық линзалар үшін операцияға дейінгі сфериялық эквивалент пен цилиндрдің оптикалық күшін есептеу хирургтың тәжірибесі, оның қалауына және линзаны имплантациялау орнына қарай жүзеге асырылады. Эмметропияға ұмтылу қажет. ИОЛ-дың оптикалық күшін дәл есептеу өте маңызды, себебі ИОЛ имплантациялаудың мақсаты — көзілдірікке тәуелділікті жою. Сыртқы заттаңбада көрсетілген А константалары есептеу үшін бастапқы нүкте және бағдар ретінде қызмет етеді. Операцияға дейін дәрігер имплантацияланатын линзаның сфериялық эквивалентін және цилиндрдің оптикалық күшін анықтауы тиіс.

Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясы ұсынатын торикалық линзаларға арналған есептеу құралын пайдалану ұсынылады — ол торикалық ИОЛ-дың сәйкес моделін, имплантациялау үшін оңтайлы осьті және цилиндрдің оптикалық күшін анықтауға мүмкіндік береді. Линзаның заттаңбасында ИОЛ-дың алыс қашықтыққа фокустау кезіндегі сфериялық эквиваленті көрсетілген. Линзаның оптикалық күшін есептеу туралы қосымша ақпарат қажет болған жағдайда дәрігер Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының жергілікті өкілдігіне жүгінуіне болады.

Линзаның оптикалық күшін есептеу әдістері келесі әдебиеттерде сипатталған:

1. Haigis W. “The Haigis formula”. In: Shammas HJ, ed, Intraocular Lens Power Calculations. Thorofare, NJ, Slack, 2004; 41–57.
2. Hoffer K.J., “The Hoffer Q formula: a comparison of theoretic and regression formulas”, J Cataract Refract Surg, 19, 700–712 (1993). Қате түзету: J Cataract Refract Surg 1994;20:677 және 2007;33:2–3.

3. Holladay J.T., Prager T.C., Chandler T.Y., Musgrove K.H., Lewis J.W. және Ruiz R.S., “A three-part system for refining intraocular lens power calculations”, J Cataract Refract Surg. 14, 17–24 (1988).
4. Retzlaff J.A., Sanders D.R. және Kraff M.C., “Development of the SRK/T intraocular lens implant power calculation formula”, J Cataract Refract Surg. 16, 333–340 (1990). Қате түзету: J Cataract Refract Surg. 1990;16:528.
5. Olsen T. “The Olsen formula”. In: Shammas HJ, ed, Intraocular Lens Power Calculations. Thorofare, NJ, Slack, 2004; 27–40.
6. Canovas C., Artal P. “Customized eye models”.

ЛИНЗАНЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ИМПЛАНТАТТАУ

Түзетілетін астигматизмді анықтау үшін рефракцияны өлшеу нәтижелерін емес, кератометрия мен биометрия деректерін пайдалану қажет, өйткені алынатын көз бұршағындағы астигматизм нәтижелерге әсер етуі мүмкін. Хирургиялық тілік мөлшері мен орны мөлдірқабықтың астигматизміне және оның осіне әсер етуі мүмкін. ИОЛ-ды таңдауды және имплантацияны оңтайландыру үшін Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясы хирургтарға торикалық линзаларды есептеуге арналған құрал ұсынады. Торикалық линзаның моделін, цилиндрдің оптикалық күшін және имплантациялау осін анықтау үшін операцияға дейін алынған кератометрия мен биометрия деректері, тілік орны және хирургтың бағалауына сәйкес операциямен байланысты мөлдірқабықтың астигматизмі пайдаланылады. Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін хирург линзаны капсула қапшығына дұрыс орналастырып, туралау қажет. ИОЛ-дың алдыңғы бетінде гаптикалық элементтер мен оптикалық бөліктің түйіскен жерінде (екі қарама-қарсы жағында төрттен) ойықтар бар, олар торикалық линзаның «жазық» меридианын көрсетеді. Бұл ойықтар плюстік цилиндр осін білдіретін жорамал сызықты құрайды (ескерту: ИОЛ-дың цилиндрлік оптикалық күші ең жоғары меридиан — 90° бұрышта орналасқан).

Торикалық линзаның цилиндр осіне арналған белгілерді мөлдірқабықтың тілік жасалғаннан кейін ең жоғары оптикалық күшке ие меридианымен туралау керек (яғни таңдалған имплантация осімен).

Араласу алдында операция жасалатын көзді келесідей белгілеп алу қажет:

Пациентті тік отырғызып, 12 және/немесе 6 сағаттық позицияны Т-тәрізді маркермен, хирургиялық тері маркерімен немесе офтальмологиялық қарындашпен белгілеңіз. Осы белгілерді бастапқы нүкте ретінде пайдаланып, операция алдында немесе оның барысында линзаны имплантациялау осін белгілеуге арналған ось маркерін қолдануға болады (бұған дейін Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының торикалық линзаларды есептеу құралы арқылы имплантация осін анықтаңыз).

Линза орнатылғаннан кейін, торикалық линзадағы осьті белгілейтін ойықтарды белгіленген имплантация осімен дәл туралаңыз. Капсулярлық

қапшықтан барлық вискоэластикті мұқият алып тастаңыз. Ол үшін ИОЛ-дің оптикалық бөлігін ирригация/аспирация ұшы арқылы қозғалтыңыз және көзден вискоэластикті толығымен шығару үшін стандартты ирригация/аспирация әдісін пайдаланыңыз. Қажет болған жағдайда линза артындағы вискоэластикті жою үшін бимануалды техника қолдануға болады. Вискоэластик алынғаннан кейін торикалық линзаның таңдалған оське қатысты дұрыс орналасуын міндетті түрде тексеріңіз. Вискоэластиктің қалдықтары линзаның айналуына себеп болуы мүмкін, бұл торикалық линзаның имплантация осінен ауытқуына алып келеді.

Линзаның осі мен таңдалған имплантация осінің сәйкес келмеуі астигматизмді түзетудің тиімділігін төмендетеді.

Мұндай сәйкес еместік келесі себептерден туындауы мүмкін: кератометрия немесе мөлдірқабықты таңбалау деректерінің дәл еместігі, операция кезінде торикалық линзаның дұрыс орналастырылмауы, операциямен байланысты мөлдірқабықтың күтпеген өзгерістері немесе имплантациядан кейін линзаның айналуы. Бұған жол бермеу үшін хирург операция аяқталғанға дейін алдын ала кератометрия мен биометрия деректерінің дәлдігін және ИОЛ-дің дұрыс бағдарланғанын тексеруі керек.

ПАЦИЕНТТІ ТІРКЕУ АҚПАРАТЫ

Қаптамаға пациентке берілуі тиіс имплантаттың сәйкестендіру картасы қоса салынған. Пациентке бұл картаны имплантаттың тұрақты куәлігі ретінде сақтау қажеттілігі және болашақта кез келген офтальмологқа көрсету міндетті екені туралы ақпарат берілуі тиіс.

ЕСЕПТЕР

Көзге имплантацияланған линзамен байланысты болуы ықтимал күтпеген жағымсыз құбылыстар және/немесе көру қабілеті үшін қауіпті асқынулар туралы, олардың сипаты, ауырлығы және жиілігі алдын ала болжанбаған жағдайда, Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясына хабарлау қажет. Имплантацияның, әсіресе жас пациенттерде, ұзақ мерзімді әсерлерін құжаттау мақсатында біз барлық хирургтерден мұндай ақпаратты ұсынуды сұраймыз. Дәрігерлерден осындай жағымсыз құбылыстар туралы хабарлауын сұраймыз, өйткені бұл артқы камераға арналған линзалармен байланысты туындауы мүмкін немесе ықтимал мәселелерді, сондай-ақ жекелеген линзалар партиясымен немесе жалпы интраокулярлық линзалармен байланысты ұзақ мерзімді мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

ЖЕТКІЗІЛУ ТҮРІ

Әр линза алдын ала тасымалдау жүйесіне жүктеліп, стерильді күйде жеткізіледі, бір қабатты асептикалық тасымалдау пакетінде. Асептикалық тасымалдау пакеті этилен тотығымен стерилизацияланған. Бұны тек стерильді жағдайда ашу керек. Қаптама ішіне қаптамалық және тауарлық заттаңбалар салынады. Пакеттің сыртқы беттері стерильді емес. Сақтау үшін ұсынылатын

температура – 25 °C (77 °F).

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ

TECNIS Simplicity жеткізу жүйесінің қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі – бұл бұйымның стерильділігі кепілдік берілетін мерзім. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін жеткізу жүйесін пайдалануға және линзаны имплантациялауға болмайды.

Жарамдылық мерзімі – 3 жыл.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол берілмеңіз. Сақтау орнындағы ауа температурасы 5 °C- ден 35 °C-ге дейін (41 °F-тен 95 °F-ке дейін) аралығында болуы тиіс.

ҚАЙТАРУ/АУЫСТЫРУ РЕТІ


Қайтару мәселелері бойынша Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының жергілікті өкілдігіне хабарласыңыз. Линзаны қайтарған кезде оны нақты белгілеп, қайтару себебін көрсету қажет. Қайтарылатын бұйымды биологиялық қауіп төндіретін белгімен қамтамасыз етіңіз. Линзаны қайтадан стерилизациялауға тырыспаңыз.

ПАЦИЕНТКЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Интраокулярлық линзаны имплантациялау туралы шешім қабылданбас бұрын, әрбір пациент интраокулярлық линзаларға қатысты, оның ішінде ИОЛ-дың әртүрлі қолжетімді нұсқалары туралы ақпарат алуы тиіс.

Символдар және олардың түсіндірмесі

Символы	Түсіндірмесі
	Этилен тотығымен стерилизацияланған
	Қайта қолдануға тыйым салынады
	Дейін пайдалану керек (ЖЖЖЖ-АА-КК: Жылы-Айы-Күні)
	Қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз

	Өндіруші
	Еуропа қауымдастығындағы уәкілетті өкіл
	Қайта стерилизациялауға болмайды
	Температуралық ауқымы
	Күн сәулесінің әсеріне жол бермеу керек
	Дайындалған күні (ЖЖЖЖ-АА-КК: Жылы-Айы-Күні)
	Қаптама зақымдалған болса, пайдаланбаңыз
	Каталог бойынша нөмірі
	Сериялық нөмірі

Медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгілемесі):

Техникалық файл RTF1062

Тіркеу куәлігі иесінің атауы және елі

Тіркеу куәлігінің иесі: Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc., 31 Technology Drive, Suite 200, Irvine, CA 92618


Медициналық мақсаттағы бұйымды өндіруші ұйымның және қаптаушының атауы, заңды мекенжайы, өндіріс орналасқан мекенжайы
AMO Puerto Rico Manufacturing, Inc., Road
402, Km. 4.2,
Añasco, Puerto Rico 00610

Қазақстан Республикасындағы өндірушінің уәкілетті өкілі:
«СПЕКТРУМ ВИЖН» ЖШС, 050050, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Райымбек даңғ., 169 А

Медициналық бұйым бойынша тұтынушылардан шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:
«СПЕКТРУМ ВИЖН» ЖШС, 050050, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Райымбек даңғ., 169 А

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың шығарылуы немесе соңғы қайта қаралуы туралы деректер:
XXXXXXXXXXXXXXXXXXXXX


1-СУРЕТ




Сфералық эквиваленті 5, 20 және 34 дптр болатын OptiBlue™ ИОЛ-дың спектрлік өткізу қисығы 53 жастағы пациенттің факиялық көзінің өткізу қабілеттілігімен салыстырмалы түрде көрсетілген.

Дереккөздер: TR8026 («Төмен, орташа және жоғары оптикалық күшке ие ZXR00V ИОЛ-дың сулы ерітіндідегі өткізгіштік спектрлері бойынша пайыздық көрсеткіштері»); Boettner E. A. және Wolter J. R. Transmission of the Ocular Media. Investigative Ophthalmology 1962; 1:776–783.


2-сурет




3-сурет



4-сурет



5-сурет





Инструкция по медицинскому применению медицинского изделия

Наименование медицинского изделия

Линза интраокулярная торическая TECNIS Synergy Toric II OptiBlue с системой доставки TECNIS Simplicity, модели DFW150, DFW225, DFW300, DFW375

ОПИСАНИЕ ИЗДЕЛИЯ

Интраокулярная линза (ИОЛ) TECNIS Synergy Toric II OptiBlue с системой доставки TECNIS Simplicity модели представляет собой складную акриловую однокомпонентную ИОЛ для задней камеры глаза, фильтрующую излучение ультрафиолетового (УФ) и фиолетового спектра, которая предназначена для обеспечения непрерывного поля зрения высокого качества во всем диапазоне расстояний, в том числе на дальнем, среднем и ближнем расстояниях, и уменьшения зависимости от очков. Поверхности оптической части линзы имеют двояковыпуклую форму. Оптическая часть изготовлена из мягкого акрилового материала с добавлением UVAM (вспомогательного материала, поглощающего УФ- излучение) и запатентованного компанией хромофора, фильтрующего фиолетовое излучение, что уменьшает пропускание света с длиной волн фиолетового спектра. Кроме этого, данная торическая ИОЛ компенсирует роговичную сферическую абберацию и роговичный астигматизм.

